

**“Гаухар” бөбекжай-бақшасы**



# **“Батыр болам мен ертең”**

**(“Балапан” ересек тобы )**

**Орындаған**  
Саз жетекшісі, Баспаева Мейрамгуль

**2026 оқу жылы**

## **Анықтама**

«Батыр болам мен ертең» Патриоттық-спорттық іс-шара

Балабақшада тәрбиеленушілер арасында «Батыр болам мен ертең» атты патриоттық-спорттық іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараның мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру, сондай-ақ Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін дамыту болды. Мерекелік шара әсем әуенмен басталып, балалар сап түзеп залға кірді. Іс-шара барысында жүргізуші балаларға еліміздің болашағы дені сау, білімді әрі батыл ұрпақтың қолында екенін айтып, спортпен шұғылданудың маңыздылығына тоқталды. Балалар Отан, ерлік, достық туралы тақпақтар айтып, өз өнерлерін көрсетті. Бұл балалардың патриоттық рухын көтеріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Іс-шара барысында тәрбиеленушілер 2 топқа бөлініп, бірнеше қызықты спорттық эстафеталар мен ойындарға қатысты. «Допты жеткіз» ойынында балалар жылдамдық пен ептіліктерін көрсетсе, «Суреттерді құрастыр» сайысында батылдық пен шапшаңдық танытты. Сонымен қатар «Кім жылдам» ойынында дотарды тез орнына қоюға тырысып, өздерінің шапшаңдықтарын байқатты. Бұл спорттық ойындар балаларды ұйымшылдыққа, достыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиеледі.

Шара барысында балалар өте белсенді қатысып, барлық тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Олар ойын кезінде бір-біріне көмектесіп, достық қарым-қатынастарын көрсетті. Балалардың көтеріңкі көңіл-күйі мен спортқа деген қызығушылығы іс-шараның жоғары деңгейде өткенін байқатты.

Іс-шара соңында белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мадақталып, мақтау қағаздары мен марапаттар табысталды. Балалар қуанышқа бөленіп, жақсы әсер алды. Сонымен қатар бұл шара балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды.

Қорытындылай келе, «Батыр болам мен ертең» патриоттық-спорттық іс-шарасы тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға, патриоттық тәрбие беруге және ұйымшылдыққа баулуға өз үлесін қосты.